85. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда мәселелерді Жалғыз акционер қарауына шығару шығыстарын Қоғам төлейді.

86. Жалғыз акционердің қарауына шығарылған мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуы тиіс.

87. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға аффилиирленгені туралы мәлімет;

- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Акционерлердің жылдық жалпы жинальсының құзыретіне жатқызылған, Жалғыз акционердің қаруына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар келесілерді қамтуы тиіс:

- 1) Қогамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылдындағы Қогамның таза табысын болу тәртібі және Қогамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Жалғыз акционердің Қогамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінің және оларды қарau қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) Жалғыз акционердің мәселені қаруына бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

88. Жалғыз акционер шешімдері Басқармада Қогам орналасқан жерде сакталуы және танысу үшін Жалғыз акционерге кез келген уақытта берілуі тиіс. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оған бұндай шешімнің көшірмесі беріледі.

20.Жалғыз акционердің құзыреті

89. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қогамның Жарғысина өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жана редакциясында бекіту;
 - 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қогамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қогамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе орналастырылмаган жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қогамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 6) Қогамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) Орналастырылған акциялардың бір түрін акцияның басқа түріне алмастыру туралы шешім қабылдау, бұндай алмастыру шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйакы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 10) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 12) Қогамның есепті қаржы жылдындағы таза табысын болу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қогамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 13) Қогамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне катысусы не өзге де заңды тұлғалардың катысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғам АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаган нарықта акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту;

17) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;

18) нәтижесінде 50 (елу) және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шыгаратын (иеліктен шыгаруы мүмкін) ірі мәмілені акционерлік қоғамның жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

19) шешім қабылдау АҚ туралы Занда және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған өзге де мәселелер.

90. Егер осы АҚ туралы Занда және ҚР өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыretіне беруге жол берілмейді.

91. Жалғыз акционердің қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

21.Директорлар кеңесі

92. ҚР заңнамасында және (немесе) Қоғамның Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

93. Директорлар кеңесінің айрықша құзыretіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шыгару;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың құрамын анықтау және осы комитеттер туралы ережелерді бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шыгару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Баскарма мүшелерінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Баскарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

10) Ишкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ишкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ишкі аудит қызметі қызметкерлеріне енбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйлақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық үйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтың құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін үйимдастыру мақсатында Баскарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде

аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шыгару) туралы шешімдерін қабылдау;

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы болатын шамага көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мұдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

20) Қоғам қызметкерлерінің штаттық және (немесе) жалпы санын бекіту;

21) ҚР заңнамасында көзделген Қоғам жоспарларын бекіту;

22) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;

23) Аудиторлық ұйымның, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебінің негізінде белгіленген Қоғамның жаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі бойынша заңнама талаптарын бұзуға байланысты мәселелерді карау;

24) ҚР заңнамасында көзделген, акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

94. Тізбесі Жарғының 93-тармағында белгіленген мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды.

95. Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауга, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауга құқығы жоқ.

96. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен тағайындалады.

97. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

98. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде 30% (отыз пайызы) тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

99. Қаржы ұйымдарының басқарушы қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сәйкес келмейтін тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалмайды (сайланбайды).

100. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайланбайды.

101. Директорлар кеңесі:

1) мұдделердің ықтимал қактығысын, оның ішінде Қоғам менишігін заңсыз пайдалануды және мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

102. Директорлар кеңесінің мүшесі АҚ туралы Занга және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқығы жоқ.

103. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын тағайындау жүргізілетін шешімді қабылдаған кезде аяқталады. Жалғыз

акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

104. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін тағайындаған жағдайда, оның өкілеттігі Директорлар кеңесінің тұтас алғандағы өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

105. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер тағайындаиды. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

106. Директорлар кеңесінің төрағасы заңнамада және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіпте:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады,
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді,
- 3) отырыстарда хаттаманың жүргізуін ұйымдастырады;
- 4) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының мөлшерін белгілей отырып, Қоғамның Басқарма төрағасымен енбек шартын жасасады;
- 5) Қоғам Жарғысында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

107. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

108. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

109. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

110. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармaga жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түсken күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындаиды. Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы мәлімет, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі болуы тиіс.

111. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын беріледі. Ирі мәміле және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың катысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (осы АҚ туралы Заңның 69-бабының 1-тармагында көзделген жағдайда) қамтылуы тиіс.

112. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына катыса алмайтыны туралы Басқармaga алдын ала хабарлауға міндетті.

113. Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмайтын саны Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум болып табылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау туралы мәселені Жалғыз акционер қарауына шығаруға міндettі. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауга құқылы.

114. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер АҚ туралы Занда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырыска катысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен кабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусы шешуші дауыс болып табылады.

115. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауга құқылы.

116. Директорлар кеңесі төрағасының қарауынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша шешім қабылдау сырттай дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін. Бұндай кезде отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетенъдер қолданылады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетенъдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

117. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның атқарушы органдының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырыска катысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

118. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаган шешімдер Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қоғамның Директорлар кеңесі хатшысы қол қойып және Қоғам мөрінің (ол болған кезде) бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндettі.

119. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің АҚ туралы Занда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаган шешіміне карсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуда құқылы.

120. Жалғыз акционер қоғамның Директорлар кеңесінің АҚ туралы Заңның және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаган шешіміне, егер аталған шешім

акционерлік қогамның және (немесе) осы Жалғыз акционердің құқығы мен занды мүдделерін бұзса, сotta дау айтуға құқылы.

22. Қоғам Басқармасы

121. Қоғам Басқармасы Қоғамның алқалық атқарушы органы болып табылады және Қоғамның ағымдағы қызметін басқарады.

122. Қоғам Басқармасы АҚ туралы Заңмен, ҚР өзге заңнамалық актілері және Қоғам Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаган Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) ҚР заңнамасында және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіpte Қоғам атынан мәмілелер жасайды;
- 2) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндettі шешімдерді шығарады және нұсқау береді;
- 3) Директорлар кеңесінің нұсқауы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі бекітуі тиіс құжаттар бойынша келісілу жүргізеді;
- 4) Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді, соның ішінде Директорлар кеңесі бекіткен штаттық және (немесе) жалпы санын ескере отырып, Қоғамның ұйымдық құрылымын бекітеді;
- 5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік және шаруашылық мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
- 6) Қоғам қызметінің (дамуының) басымдықты бағыттары жобаларын, оның стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) әзірлейді және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады;
- 7) Қоғам қызметі туралы есептерді дайындайды;
- 8) Белгіленген тәртіpte Қоғамның қайырымдылық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдайды;
- 9) қажет болғанда Басқарма мүшелері, Қоғам қызметкерлері және Қоғам қызметінің жекелеген бағыттары бойынша Басқарма төрагасы және мүшесі үшін ұсынбалы шешімдерді әзірлеу үшін, соның ішінде Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарастыру және әзірлеу үшін өзге тұлғалар қатарынан алқалық жұмыс органдарын (комитеттер, комиссиялар, кеңестер, жұмыс топтарын) құрады, сондай-ақ арнайы білімді қажет ететін мәселелерді шешу немесе Қоғам қызметінің мерзімді мәселелерін шешу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуга құқылы;
- 10) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаган, Қоғам қызметін қамтамсыз етудің өзге мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

123. Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша есеп беруге міндettі:

- 1) Қоғамның жоспарлары және Қоғамды болашақта басқарудың басқа маңызды мәселелері туралы;
- 2) Қоғамның қаржылық жағдайы туралы;
- 3) Истер барысы туралы, әсіресе Қоғам қызметінің басымдықты бағыттарын іске асыру туралы;
- 4) Қоғам қызметі үшін маңызы жоғары болуы мүмкін мәмілелер мен шешімдер туралы.

124. Басқарма Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғам қызметі туралы ақпараттың, соның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

125. Басқарма Қоғамның Жалғыз акционері және Директорлар кеңесінің шешімін орындауға міндettі.

126. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Қогам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қогам Басқармасы осы шектеулерді бұза отырып жасаган мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

127. Басқарманы құру, оның өкілеттілігі, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ҚР заннамасына және Қогам Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімдерінде ресімделеді.

128. Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады, оны Қогамның Директорлар кеңесі Қогам Жарғысында көзделген тәртіpte тағайындаиды.

129. Басқарма мүшелері Қогам қызметкерлері қатарынан болады. Қогам Басқармасының сандық құрамы және өкілеттігі мерзімін Қогамның Директорлар кеңесі айқындаиды.

Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасы Қогамның атқарушы органдының басшысының не басқа занды тұлғаның атқарушы органдының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жок.

130. Басқарма мүшелері Басқарма төрағасын ол жетекшілік ететін мәселелер бойынша істер жағдайы туралы акпараттандырады.

131. Қаржы ұйымдарының басқарушы қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сәйкес келмейтін тұлға Қогам Басқармасының төрағасы немесе мүшесі бола алмайды.

132. Басқарма мүшесінің өзге функциялары, құқықтары мен міндеттері ҚР Заннамасында, Қогамның Жарғысында, сондай-ақ аталған адам мен Қогам арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Қогам атынан Басқарма төрағасымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

133. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан құралады.

134. Басқарма отырыстарын өткізу тәртібі Қогамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

135. Басқарма төрағасы:

- 1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қогам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қогам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Қогам қызметкерлерін (АҚ туралы Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын колданады және тәртіптік жазалар колданады, Қогамның штат кестесіне сәйкес Қогам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Қогамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қогам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындаиды;
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
- 7) Қогамның жұмыс тәртібін белгілейді;
- 8) Ағымдағы және перспективалы жоспарлар мен бағдарламаларды – Қогам жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 9) Жалғыз акционер алдында Қогам жұмысы үшін жауапкершілікте болады;
- 10) ҚР заннамасына сәйкес Директорлар кеңесі алдында есеп береді;
- 11) Басқарма отырысын шақырады және отырыста торағалық етеді;

12) Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен, соның ішінде Басқарма мүшелері, ішкі аудит қызметінің қызметкерлері және корпоративтік хатшымен белгіленген тәртіpte еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

13) ҚР заңнамасында көзделген Қоғам жоспарының және Қоғамның жылдық бюджетінің әзірленуін қамтамасыз етеді;

14) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің штаттық және (немесе) жалпы санын ескере отырып, Қоғамның штат кестесін бекітеді;

15) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Басқарма құзыретіне жатқызылмаган, міндеттерді атқару үшін қажетті Қоғамның ағымдағы қызметіне катасты қалған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

16) Қоғам жарғысында және ішкі құжаттарында және Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23.Ішкі аудит қызметі

136. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүргізу үшін, Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметін сайлады.

137. IАҚ Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына сайланған алмайды, сондай-ақ Қоғаммен бәсекелес ұйымдарда басшылықлауазымда болуга құқығы жоқ.

138. IАҚ тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

139. IАҚ штат санын Директорлар кеңесі айқындайды, бірақ ол 3 (үш) қызметкерден кем болмауы тиіс.

140. IАҚ қызметкерлерінің жоғары экономикалық білімі, қаржы жүйесіндегі жұмыс етілі кемінде 2 жыл болуы, ҚР заңнамасын білуі, сондай-ақ олар атқаратын функциялардың сипатына сәйкес келетін кәсіби дағдылар мен біліктілігі болуы тиіс.

141. IАҚ Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Қоғам қызметін тексеруді кез келген уақытта жүргізуге құқылы. IАҚ-тың осы мақсат үшін Қоғамның барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу рұқсаты бар. IАҚ талабы бойынша Қоғамның барлық қызметкерлері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелерді беруі тиіс.

142. IАҚ ішкі аудит мәселелері талқыланған кезде Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесінің отырыстарына қатаисуга құқылы.

143. Ішкі аудит жүргізу тәртібі, сондай-ақ осы Жарғыда келісілмеген басқа мәселелер үәкілетті органның талаптарын ескере отырып, Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады. IАҚ-тың Қоғам қызметін тексеруі ҚР заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

24.Қоғамның лауазымды адамдары және бенефициарлық меншік иелері

144. Қоғамның лауазымды адамдары (Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшесі, Басқарма төрағасы және мүшесі):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Қоғам Жарғысына және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы акпараттың ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес анылуы мен берілуін бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялышының, оның ішінде қоғамдағы жұмыс токтатылған күннен бастап 5 (бес) жылдың ішінде сақтауға міндетті.

6) Тағайындалған (сайланған) кезде Қоғамга өзінің аффилииленген тұлғалары туралы, соның ішінде олармен аффилииленген заңды тұлғалар туралы, соның ішінде олар дербес немесе өздерінің аффилииленген тұлғаларымен біріге отырып дауыс беруші акциялардың 10 немесе одан артық пайызын иеленетін заңды тұлғалар және органдарында лауазымды болатын заңды тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуы тиіс, сондай-ақ өзінің аффилииленген тұлғалары туралы мәліметтердің өзгеруі туралы бұндай өзгерту күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күннен кешіктірмей Қоғамға хабарлауы тиіс;

145. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

- 1) кателесуге әкеп соктыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) ҚР заңнамасында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилииленген тұлғаларының Қоғаммен осындан мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соктырган ірі мәмілелерді және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында ҚР заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

АҚ туралы Занда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларда, Жалғыз акционердің ірі мәмілелерді және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилииленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

Жалғыз акционердің шешімі негізінде Қоғам немесе Жалғыз акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды адамға оның Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды Қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Қоғамға залал келтіруге әкеп соктырган ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилииленген тұлғаларының Қоғамға кайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

146. Мәміленің жасалуына мұдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органды қабылдаған, Қоғамға не Жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соктырган шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге катыспаса, жауаптылықтан босатылады.

147. Егер лауазымды адамның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің АҚ туралы Занда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мұдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (қасіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

25. Қоғамның қаржылық есептілігі, есебі мен аудиті

148. Қоғам өзі жүргізетін операциялардың есебін бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

149. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі ҚР бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасынан және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

150. Қоғам Уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімде шоғырландырылмаған жылдық қаржы есептілігін және аудиторлық есепті БАҚ-та жыл сайын жария етуге міндетті.

151. Қаржылық және Қоғамның қаржылық және шоғырландырылған негіздегі өзге есептілігін қоса алғандағы өзге есептілігінің тізбесі, нысандары немесе нысандарға койылатын талаптар, ұсыну мерзімі мен тәртібін Уәкілетті орган белгілейді.

152. Қоғамның жылдық қаржы есептемесін оны Жалғыз акционердің қарауына шыгару күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржы есептемесін соңғы бекіту Жалғыз акционердің шешімімен жүргізледі.

153. Қоғам Басқармасы жыл сайын Жалғыз акционердің талқылау және бекіту үшін аудиті ҚР аудиторлық қызмет жөніндегі заңнамасына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Басқарма қаржылық есептілікten басқа Жалғыз акционерге аудиторлық есепті табыс етеді.

154. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті. Жыл корытындысы бойынша аудиторлық есеп жылдық қаржы есептемесінің ажырамас болігі болып табылады.

155. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі. Аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті күжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

156. Егер Қоғам Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тулғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

157. Қоғамның статистикалық есебі және есептілігі ҚР заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

26. Қоғамның ақпаратты жария етуі, Қоғамның құжаттары

158. Қоғам Жалғыз акционері мен инвесторларының назарына Қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары:

- 1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер;
 - 2) Директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер, бұл мәселелер туралы ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;
 - 3) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шыгаруы және Уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру корытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу корытындылары туралы есептерін бекітуі, Уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
 - 4) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы.
- Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шыгарылатын мәмілені жасасу туралы ақпарат мәміленің таралттары, сатып алынатын немесе иеліктен шыгарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ак мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс;
- 5) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомага Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;
 - 6) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
 - 7) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла туруы немесе тоқтатылуы;

8) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

9) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

10) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

11) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

13) Қоғамды мәжбүрлеп кайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

14) Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің және инвесторлардың мүдделерін қозгайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндettі.

159. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

160. Қоғам корпоративтік веб-сайтын өз қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралы ретінде пайдаланады.

161. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты исленуші Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндettі түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

162. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғам Басқармасы орналасқан жерде немесе Басқарма шешімі бойынша өзге де жерде сақтауы тиіс. АҚ туралы Занда көзделген құжаттар сақталуы тиіс.

163. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі ҚР заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

164. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған АҚ туралы Занда көзделген құжаттардың көшірмесін Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен, бірақ Қоғамға осындай талап келіп түсken күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндettі, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

165. Қоғам Уәкілетті орган белгілеген тәртіpte өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғам тіркеуісі ұсынған мәліметтердің негізінде жүргізеді.

166. Қоғам Уәкілетті органға өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін Уәкілетті органда белгіленген тәртіpte ұсынады.

167. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы, соның ішінде аффилиирленген тұлғалар тізіміндегі өзгертулер туралы ақпаратты аффилиирлену туындаған (өзгерген) күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде ұсынады.

27. Жасалуына қатысты ерекше талаптар белгіленген Қоғамның мәмілелері

168. Қоғамның ірі мәміле, жасалуында Қоғам мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешімді Директорлар кенесі АҚ туралы заңды ескере отырып қабылдайды.

169. Кредиторларға, жұртшылық пен Қоғамның Жалғыз акционеріне ақпарат беру мақсатында, Қоғам Директорлар кенесі Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешімді қабылдаганнан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мәміле туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарламаны БАҚ-та жариялауға міндettі.

170. Қоғамның ірі мәміле жасасу туралы шешімімен келіспеген жағдайда, Жалғыз акционер өзіне тиесілі акцияларды Қоғамның АҚ туралы Занда белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге құқылы.

171. Қоғамның мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешімі оны жасасуда мүдделілігі жоқ Директорлар кенесі мүшелерінің жай дауыстарының басымдығымен қабылданады.

172. Жасалуында мүдделілігі бар мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешімін Жалғыз акционер келесі жағдайларда қабылдайды:

1) Егер Директорлар кенесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болса;

2) Шешім қабылдау үшін қажетті дауыс саны болмауына байланысты Директорлар кеңесі бұндай мәмілені жасасу туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда.

173. АҚ туралы Заңның 71-бабының 1-тармағында аталған, Қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалар (бұдан ері – «мүдделі тұлғалар»):

1) 3 (үш) жұмыс күні ішінде, олардың мәміле тараптары болып табылатындығы немесе орган өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) өздерімен аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) өздері мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін, өздеріне белгілі жасалған немесе ықтимал мәмілелер туралы акпаратты Директорлар кеңесінің назарына Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен жеткізуге міндетті.

174. Жарғының 173-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді мүдделі тұлғалар Директорлар кеңесіне бұндай тұлғалар мүдделі болып танылуы мүмкін Қоғамның жасасқан немесе жасасуды болжаган мәмілелер туралы оларға белгілі болған күннен бастап 7 (жеті) күннің ішінде ұсынады. Мүдделі тұлғалар Жарғының 173-тармағында көзделген мәліметтерді ұсынбауының нәтижесінде Қоғамға келтірген нақты залалдың орнын толтырады.

175. Биржалық мәмілелерді қоспағанда ірі мәмілелер және жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді Қоғам жазбаша түрде жасауы тиіс.

176. Екіжақты және көпжақты мәмілелерді Қоғам әрқайсысына мәміле тарабының үәкілетті тұлғасының қолы қойылған, контрсеріктестермен құжат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

177. ҚР заңнамасында немесе мәміле тараптарының көлісімімен басқасы көзделмеген болса электронды хаттар, электронды құжаттар немесе мәміле субъектілерін және олардың ерік білдіруінің мазмұнын анықтайтын өзге құжаттармен алмасу Қоғамның екіжақты мәміле жасасуына теңестіріледі.

178. Қоғам атынан жазылған электрондық хаттар мәміле жасасу мақсатында Басқарма мүшелерінің бірінің электрондық корпоративтік поштасынан жолданады.

179. Қоғамның өзге қызметкерлерінің электрондық корпоративтік поштасынан жолданған электронды хаттар мәміленің жазбаша түрдже жасалуына теңестірілмейді.

180. Ирі мәмілені және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасау кезінде АҚ туралы Заңда көзделген талаптарды сактамау, сондай-ақ ҚР заңнамасы, Жарғының талаптарын бұза отырып, өзге де мәмілелер жасау ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздерде, мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен осы мәмілелерді жарамсыз деп тануга әкеп соғуы мүмкін.

28. Қоғамды қайта ұйымдастыру

181. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) ҚР заң актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

182. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі жүргізілуі мүмкін.

183. Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Үәкілетті орган нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, ҚР заңнамасында көзделген тәртіpte жүргізіледі.

184. Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру Үәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

185. Қоғам бағалы қағаздар нарығында қызметін жүргізбейтін заңды тұлғага ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат алған кезде бір апталық мерзімде бұрын берілген барлық лицензияларды Үәкілетті органға қайтарады.

186. Қоғамның Жалғыз акционері шешімінің болуы еркіті қайта ұйымдастыруды откізуге рұқсат алуға өтініш беру негізі болып табылады.

187. Мәжбүрлі қайта ұйымдастыру ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізуі мүмкін.

29. Қоғамды тарату

188. Қоғамды, соның ішінде банкроттық негізінде тарату ҚР заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

189. Қоғам келесі негіздер бойынша таратылуы мүмкін:

- 1) Үәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда Жалғыз акционердің шешімі бойынша (еркіті тарату);
- 2) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда сот шенімі бойынша.

30. Қорытынды ережелер

190. Осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді.

191. Жарамсыз ереже ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес келетін басқасымен ауыстырылады. ҚР заңнамасы және (немесе) Үәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері өзгеруінің нәтижесінде осы Жарғының жекелеген ережелері ҚР заңнамасы және (немесе) Үәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне қарама-қайшы келтеп жағдайда бұндай ережелер күшии жойып, Жарғыга тиісті өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін ҚР заңнамасы және (немесе) Үәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің сәйкес келетін ережелерін басшылыққа алған жөн.


192. Қоғамның осы Жарғысына барлық өзгертулер мен толықтырулары жазбаша ресімделіп, тіркеу үшін (ҚР заңнамасы бойынша бұндай тіркеу талап етілсе) ҚР-ның тиісті мемлекеттік органдарына ұсынылады және осы Жарғының ажырамас болғанда сот табылады.

193. Осы Жарғы оны ҚР әділет органдарында тіркеу күнінен бастап зандық күшке ие болады.

194. Осы Жарғыда корсетілмеген Қоғамды ұйымдастыру және қызметіне байланысты мәселелер ҚР заңнамасымен реттеледі.

195. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) түпнұсқалық данада жасалған және қол қойылған.

Жалғыз акционер - «Цеснабанк» акционерлік қоғамының үәкілетті тұлғасы
«Цесна Капитал» АҚ Басқарма Торагасы



АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАНЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

Екі мың он алтыншы жылдың он жетінші маусымы

Мен, Аминова Жибек Мазетаевна, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек корсету комитеті 26.08.2010 жылы берген № 0003076 мемлекеттік лицензия, Астана қаласы нотариаттық аймагының нотариусы, «Цеснабанк» акционерлік қоғамының оқілі - «Цесна Капитал» акционерлік қоғамының баскарма торағасы Балкенов Самат Балкеновичтің мениң катысуыммен койға колынын түшінушкалығын куәландырамын. Оқілдің жеке басы аныкталды, оның әрекетке кабылеттілігі және оқілеттігі, сондай-ақ «Цеснабанк» акционерлік қоғамының құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 1036 тіркелді

Онлірілді: 2333 теңге

Нотариус:

